

Жаңасемей ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Абай облысы Жаңасемей ауданы мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 13/92-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 желтоқсанда № 397-18 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Жаңасемей аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңасемей ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңасемей аудандық мәслихатының төрағасы

Е. Абильмажинов